

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271
Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 мамырдағы № 483 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 17-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 50, 640-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымында:

1-бөлімде:

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қаржылық тұрақтылық департаменті";

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті";

реттік нөмірі 8-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 14-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 15-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Халықаралық ынтымақтастық департаменті";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 16-1-жолмен толықтырылсын:

"16-1. Тәуекелдер басқармасы";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 24-1-жолмен толықтырылсын:

"24-1. Ақпараттық қауіп және киберқорғау басқармасы";

4-бөлім алып тасталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев